Тасқала ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының
№ 11 хаттамасы

Тасқала ауылы **12 қараша 2025 ж.**

«Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» **сағ. 16:00**
мемлекеттік мекемесінің ғимараты

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны- 15 адам.
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың саны- 8 адам.

Қатысқандар:
Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл.
Жиналыс мүшелері: С.Адилов, Қ.М.Баймагамбетов, Б.Ғ.Бекентаева, И.М.Бермуханов, М.Х.Залиев, Х.Н.Мергалиев, А.Е.Мухтаров, Ұ.Ш.Шукурова.

Ашық дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы сайланды, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы Қ.Баймагамбетов
Жиналыс хатшысы Б.Бекентаева.

Күн тәртібі:

1. **Ірі қара малдардың екі жақты макетін жасау туралы**

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл хабарлама жасады:

1. Саламатсыздар ма, қоғамдастық жиналысының мүшелері! Жол қауіпсіздігін сақтау мақсатында елді мекен шегінде жолдарға ірі қара малдардың макетін жасау туралы ақылдасу үшін жиналып отырмыз. Қандай ұсыныс айтасыздар?

Қ.Баймагамбетов, жиналыс төрағасы: Жолдарға ірі қара малының макетін жасау туралы қандай пікір айтасыздар?

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Б.Бекентаева: Бұл жұмыстарды да алдыңғы жұмыстар сияқты жергілікті кәсіпкерге берейік, кім бар кәсіпкерлерден осындай макеттер жасаумен айналысатын?

Ұ.Шукурова: Басқа жақтан іздемейік, өзіміздің кәсіпкерлеріміз болса.

С.Адилов: Азамат деген кәсіпкер бар. Оның қолынан келеді, ол сондай материалдармен жұмыс жасап жүрген кәсіпкер.

А.Мухтаров: 4 дана екіжақты ірі қара малдың макетін жасату керек.

М.Залиев: Мен қолдаймын жергілікті кәсіпкерге жасатуды.

И. Бермуханов: Мен де қолдаймын.

Қ.Баймагамбетов: Жолдардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында елді мекен шегінде жолдарға орналастыру үшін ірі қара малының 4 дана екі жақты макеттерін жасау жұмыстарын жергілікті «Azamat» жеке кәсіпкерлігіне беру дауысқа салынады:

қолдағандар- 8 адам;

қарсы- 0 адам;

қалыс- 0 адам.

А.Жамбыл: Ендеше, сіздердің қолдауларыңызбен ірі қара малының макеттерін жасау жұмыстарын жергілікті «Azamat» жеке кәсіпкерлігіне береміз.

Қ.Баймагамбетов, жиналыс төрағасы: Жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәртібіндегі мәселені қарап келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Жолдардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында елді мекен шегінде жолдарға орналастыру үшін ірі қара малының 4 дана екі жақты макеттерін жасау жұмыстары жергілікті «Azamat» жеке кәсіпкерлігіне берілсін.

А.Жамбыл: Бүгінгі жиналысымызға қатысқандарыңызға, ұсыныстарыңызға алғыс білдіремін.

Қ.Баймагамбетов: Басқа сұрақтарыңыз болмаса, жиналысымызды аяқтауға рұқсат етіңіздер. Сау болыңыздар!

Жиналыс төрағасы **Қ.Баймагамбетов**

Жиналыс хатшысы **Б.Бекентаева**